

Гүлтас САЙЫНҚЫЗЫ.

Қайым ағаның қарлағтағы тағдыры

Таяуда Қазақстан — Британ Техникалық университетінде “Қайым Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы “Қоғамдық қорының ұйымдастыруымен ғалым, публицист, қоғам қайраткері Қайым Мұхамедхановтың “Тағдыр және Қарлағ” атты кітабының тұсаукесері болды. Үстел басындағы әңгіме түрінде өткен бұл жиында ғалымдар: академик Р.Сыздықова, профессорлар — А.Исмақова, Г.Сайынқызы, С.Қорабай, қаламгерлер: Ғ.Қабышев, Иран-Ғайып, Д.Әшімханұлы, әйгілі алаш көсемдерінің бірі Мұхамеджан Тынышбаевтың ұлы Дәулет Тынышбаев өз ойларын ортаға салып, естелік әңгімелер айтты.

Төменде осы жиында сөйлеген КБТУ профессоры Гүлтас Сайынқызы Құрманбайдың сөзін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

Халқымыздың аяулы перзенті, абайтанушы ғалым, аудармашы, жазушы Қайым Мұхамедхановтың есімін есте сақтау аз. Қайым Мұхамедхановтың өмір жолы да қазақ халқы үшін атқарған еңбегі де тәуелсіз Қазақстанның елжанды ұландарын арлы, намысты етіп тәрбиелеуге көмектесетін бірден бір үлгі, бірден бір жол. Егер біздің халқымыздың Қайымдай азаматтары болмаса, дәл бүгінгі тәуелсіздігіміздің баянды болмағы да екіталай еді. XX ғасыр — қазақ халқы үшін, бір жағынан шер мен мұңның да ғасыры болды. Елім, жерім дегендер қамалған, “Абай” дегендер Қарлағ түрмесіне түскен, бастылары атылған, тектілері тентіреген заман болды. Ұлы жазушыларымыз Мұхтар Әуезовтің де басынан бұлт арылмағандығын жақсы білеміз. Сондай ұлы тұлғаны қажет кезінде жанымен де, арымен де қорғай білген адамдар болған. Солардың бірі — Қайым Мұхамедханов. Ол өз естелігінде:

“...Тергеушілер бір күні мені жеке бөлмеге қамап кетті. Ішінде еш нәрсе жоқ. Тек қана ортасында турник құрулы тұр. Бұл не, мені турник ойнасын деп қойған ба деп таңдандым. Байқасам, бір уақтарда бөлмем қатты жылынып, бірте-бірте ысып барады. Табаным күйіп барады. Саса бастадым. Не қыларымды білмей, жан қысылған соң, құрулы тұрған турникке асыла кеттім. Көп тұруға қолым шыдамай барады. Турниктен қолымды жіберейін десем, табаным ыстыққа тиіп күйетінін сезіп тұрмын. Жандалбасамен турникке асылып, қолым қарысып қалыпты. Бір кезде өздері келіп мені босатып алды. Тағы да есім кірген соң, “қол қойдың” асытына алды.

Көнбедім. Екі-үш күн өткен соң кешегі бөлмеге тағы апарып қамап қойды. Бірақ турник жоқ. Енді үй ысыса не лаж табамын деп ойланып тұрғанда, бөлменің суи бастағаның сездім. Бөлме суығы үдеп барады, тісім тісіме тимей қалтырап барамын. Өлместің қамын жасап, үйдің ішінде зыр жүгірдім. Тоқтасам қатып қаламын. Жүгіре-жүгіре, талып түссем керек. Ес-түссіз жатқанда тағы да өздері сүйреп алып шықты. Шамасы сырттан бақылап тұрса керек. Әрең дегенде есімді жиып, басымды көтергенде тағы да қағазды алдыма қойды... Таңертең тағы да тергеу басталды. Тергеуші түлкі бұлғаққа салды. Жылы сөйлеп: “Өз басыңды, бала-шағанды ойласаңшы” деп, қамқорси түсті. “Мына қағазға қол қой да, бізбен қоштасып үйіңе кетсеңші”, — деп қағазды нұсқады. Менің қоймайтынымды білгенде, белгі беретін түймесін басып қалып еді, еңгезердей екі жігіт келді де, резина қапшықты басымнан аяғыма қарай кигізіп жіберді, мені құлатып, қапшықтың аузын байлап тастады. Үшеуі таяқпен жабыла ұрды. Есімнен таңдым... Тағы тергеу, мақсаттары — қол қойғызу. “Мына қағазға қол қой, сенің бізге керегің жоқ, қолыңды қой да, үйіңе кете бер. Бізге керегі — Мұхтар Әуезов” дейді. Қол қоймаған Қайым Мұхамедхановты Қарлағқа 25 жылға қамауға алады. Азап та, тозақ та ұлтын сүйген ұлы жүректі тұншықтыруға шамасы келмейді. Жастайынан ұлтжанды қазақтың біртуар азаматтары: А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, Ж.Аймауытов, М.Әуезовтермен бірге халық тағдырын, ел азаттығын ойлаған, Абай дананың даналығымен, Шәкәрімнің ұлағатымен ой өсірген қазақтың арда ұлдары аңсаған, армандаған ел тәуелсіздігін көзімен көрді. Тәуелсіздіктің бағасын шын түсінген екі жан болса, бірі Қайым атамыз еді. Жалғыз кісі болса, ол да Қайым Мұхамедханов еді.

Бір сөзбен айтқанда, Тәуелсіз Қазақстанның үлкен перзенті, батыр перзенті Қайым Мұхамедхановтың екінші нұрлы ғұмырын бүгінгі ұрпаққа түсіндіру, ұғындыру, үлгі ету — біздің парызымыз. Қайым Мұхамедхановтың музей үйін, оның атындағы қоғамдық қорды құруға Мемлекет мұрындық болса екен деген тілегіміз бар. “Кешегі күннен алыс жоқ, ертеңгі күннен жақын жоқ” деген бабаларымыздың сөзінің өтірігі жоқ. Жыл артынан жыл қуып, күн артынан күн қуып, өмір өте береді. Келешек ұрпақ тарихын іздесе, қайдан табады? Тарихты ұрпаққа аманат ету, жеткізу де парыз емес пе?

Гүлтас САЙЫНҚЫЗЫ

«Түркістан» газеті 4 маусым 2009 жыл

